



БҰЙРЫҚ

Д. Р. Щеглова
Астана қаласы

ПРИКАЗ

471
Астана

**«Азаматтарға арналған үкімет»
мемлекеттік корпорациясы»
коммерциялық емес акционерлік
қоғамының Жарғысына өзгерістер
мен толықтыру енгізу туралы**

«Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына және «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 177-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2018 жылғы 15 қазандағы № КГИП-5-6915-КГИП-4035 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің 2018 жылғы 10 тамыздағы № 35-6-10/8298, 2018 жылғы 22 тамыздағы № 35-6-10/9005 хаттарына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) Жарғысына өзгерістер мен толықтыру бекітілсін.

2. Қоғамның Басқарма төрағасына (А.Е. Оспанов) Қоғамның Жарғысына өзгерістер мен толықтыруға қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар вице-министрі Д.Р. Щегловаға жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімі болып табылады.

Министр

Д. Абаев



Қазақстан Республикасы
Ақпарат және коммуникациялар
министрінің
2018 жылғы «8» сәуір
№ 181 бұйрығымен
бекітілген

**«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы»
коммерциялық емес акционерлік қоғамының
Жарғысына өзгерістер мен толықтыру**

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы»
коммерциялық емес акционерлік қоғамының Жарғысына мынадай өзгерістер
мен толықтыру енгізілсін:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Қоғамның атқарушы органының (Басқарманың) орналасқан жері:
010000, Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Мәңгілік ел даңғылы, 10.»

19-тармақ мынадай мазмұндағы 91) және 92) тармақшалармен
толықтырылсын:

«91) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес табиғи
монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық
шарттарды беру жөніндегі қызметтерді және квазимемлекеттік сектор
субъектілерінің қызметтерін көрсету;»;


«92) орналасқан жері бойынша жылжымайтын мүлікке құқықтарды
мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру.»

76-тармақтың 16) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«16) құзыретінің шегінде бұйрықтар, оның ішінде Қоғамның Басқармасы
аппаратының құрылымдық бөлімшелері және филиалдары (өкілдіктері) туралы
ережелерді бекіту туралы бұйрықтар шығарады;».

76-тармақтың 20-1) тармақшасы алып тасталсын.

**«Азаматтарға арналған үкімет»
мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ
Басқармасының төрағасы**



А. Оспанов

